

7. Ивашикина, Н.А. Патриотическое воспитание в начальной школе / Н.А. Ивашикина // Начальная школа. – 2007. – No 7. – 33 б.

8. Козлов, А.А. Формирование гражданской ответственности и патриотизма в контексте развития личности молодого человека А.А. Козлов. – М.: Академия, 2001. – 32 б.

9. Лесняк, В.И. Патриотическое воспитание: проблемы и пути решения [Текст] / В.И. Лесняк // Педагогика и жизнь. – 2006. – No5. – 23 б.

10. Агапова, И.А. Патриотическое воспитание в школе [Текст] / И.А. Агапова, М.А. Давыдова. – М.: Айрис-пресс, 2002. – 224 б.

УДК 336.719  
МРНТИ 14.29.23

Б.А. Сабденова<sup>1</sup>, А.А. Зинетуллиная<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ғылыми жетекші, PhD, аға оқытушы [Voken\\_888@mail.ru](mailto:Voken_888@mail.ru), Абай атындағы ҚазҰПУ  
<sup>2</sup>7M01902–Арнайы педагогика: Логопедия мамандығының 2 курс магистранты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан  
[asyl\\_naz97@mail.ru](mailto:asyl_naz97@mail.ru)

## ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген балалардың коммуникативті дағдыларының ерекшеліктері мәселесі қарастырылған. Психикалық дамуы тежелген 2 сынып балаларының коммуникативті дағдыларының ерекшеліктері мен даму деңгейін анықтайтын әдістер қарастырылды. Психикалық дамуы тежелген балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы ата-ананың әрекетінің рөлі анықталды.

**Түйін сөздер:** психикалық дамуы тежелген балалар, ақпарат, коммуникация, педагог, ата-ана, әдістер.

Сабденова Б.А.<sup>1</sup>, Зинетуллиная А.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>научный руководитель, PhD, старший преподаватель [Voken\\_888@mail.ru](mailto:Voken_888@mail.ru), КазНПУ им. Абая  
<sup>2</sup>магистрант 2 курса по специальности 7M01902–Специальная педагогика: Логопедия,  
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан,  
[asyl\\_naz97@mail.ru](mailto:asyl_naz97@mail.ru)

## ОСОБЕННОСТИ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

*Аннотация*

В данной статье рассматривается специфика коммуникативных навыков детей с задержкой психического развития. Рассмотрены методы определения особенностей и уровня развития коммуникативных навыков детей 2-го класса с задержкой психического развития. Определена роль действий родителей в развитии коммуникативных навыков умственно отсталых детей.

**Ключевые слова:** дети с задержкой психического развития, информация, коммуникация, педагог, родители, методы.

B.A. Sabdenova<sup>1</sup>, A.A. Zinetullina<sup>2</sup>

<sup>1</sup>scientific supervisor, PhD, senior lecturer Boken\_888@mail.ru, KazNPU named after. Abay  
<sup>2</sup>2nd year master's student in the specialty 7M01902 -Special pedagogy, KazNPU named after. Abay,  
Almaty, Kazakhstan

## FEATURES OF COMMUNICATION SKILLS OF CHILDREN WITH MENTAL DEVELOPMENT RETARDS

### Abstract

This article examines the specifics of the communication skills of children with mental retardation. Methods for determining the characteristics and level of development of communication skills of 2nd grade children with mental retardation are considered. The role of parents' actions in the development of communication skills of mentally retarded children is determined.

**Keywords:** children with mental retardation, information, communication, teacher, parents, methods.

Коммуникация термині латын тілінен аударғанда (лат. Communicatio, жинақтау, хабарлау деген мағына береді. Ол XX ғасырдың басында ғылыми әдебиеттерде кездесе бастады. Қазіргі уақытта оның кем дегенде 3 түсіндірмесі бар. Олар:

1. Материалдық және рухани әлемнің кез келген объектілерімен байланысу құралы;
2. Коммуникация - адамдарға ақпарат беру, алмасу;
3. Қоғамда ақпарат беру және алмасу ретінде түсіндіріледі.

Адамдар арасындағы өзара әрекет барысында коммуникация келесі мақсаттарды анықтайды: объекттер мен субъекттер арасындағы ақпараттармен нәтижелі алмасуды қамтамасыз ету, ақпаратпен алмасу барысында тұлғараралық қатырым-қатынасты жақсарту, басқа адамдар, топтар арасында ақпараттармен алмасуға, олардың тапсырмалары мен әрекеттерінің координациясына арналған ақпараттық каналдар жасау. Коммуникацияның түрлері оның деңгейі немесе мазмұнына негізделген классификациясы жалпы қабылданған болып есептеледі. Осыған сәйкес келесідей коммуникация түрлерін бөледі: тұлғааралық, топтық және бұқаралық.

Дағдылар – бұл жиналған білімдер мен біліктерді адамның мақсатқа сай қолдануға негізделген, белгілі бір әрекеттерді қажетінше орындау қабілеті. Дағдылардың қалыптасуы бірнеше кезеңдерден тұрады: біліктермен танысу, олардың мәнін саналы түрде түсіну, оларды бірінші кезекте меңгеру, оларды өзіндік және нақты орындау, яғни осылардың барлығы дағдымен аяқталады. *Коммуникативті дағды* – адам өмірінің кез-келген жағындағы практикалық әрекет негізі. Коммуникативті дағды – оқу әрекетінің ұжымдық субъектісі ретінде баланың өзара әрекеті мен сөйлеу қарым-қатынасы процесін іске асыру мен ұйымдастыруға қажетті, баланың тұлғалық қасиетерін сипаттайтын, сөйлеу қарым-қатынасы ситуациясында іске асырылатын, баланың коммуникативті мәдениетінің феномені. Қарым-қатынас процесі коммуникативті дағдыларды меңгеруді болжайды. Қарым-қатынас дағдылары деп адамның мінез-құлқын дұрыс қалыптастыруға, адам психологиясын түсінуге байланысты дағдылар түсіндіріледі: интонация, ым-ишара дұрыс таңдай білу, басқа адамдарды түсіне білу, әңгімелесушімен эмпатия жасай алуы, өзін оның орынан қоя білуі, әңгімелесушінің реакциясын қадағалай білу, т.б. тәсілдерін дұрыс таңдай алуы. Қарым-қатынас дағдылары - сөйлеушінің негізгі ой мағынасын түсінуінің дәрежесін көрсететін тұлғаның қарым-қатынас процесіндегі бағдарлық ерекшеліктерінің сипаттамасы. Қарым-қатынас дағдылары-барлық дағдыларды автоматтандырудың жоғары дәрежесін талап етеді [1].

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін толыққанды қарым қатынасты қалыптастыру ерекше маңызды. Ақыл ойдың жеңіл зақымдануы бар балалардың жартысынан көбін педагогтар мен психологтар психикалық дамуы тежелген балалар деп жіктейді. Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) – психиканың жалпы немесе жеке бөлшектерінің дамуындағы уақытша артта қалу синдромы, оның ішінде дене мүмкіндіктерді іске асыру жылдамдығының бұзылуы, ойлау қабілетінің дұрыс дамымауы, интеллектуалды зейіннің төмендігі мектепке барған кезде байқалады немесе көрінеді.

«Психикалық дамудың тежелуі» деген ұғым орталық жүйке жүйесі органикалық немесе функционалдық жағынан жеңіл зақымданған, сондай-ақ әлеуеттік депривация жағдайында ұзақ

қалып қойған балаларға қатысты қолданылады. Оларға эмоциялық-ерік жағынан және танымдық қызметінің жетілмеуі тән, бұл көпшілік оқитын мектептің бірінші сыныбының бағдарламасын меңгеруге мүмкіндік бермейді. Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалды ерік жігер сферасының жетілмегендігі өзіндік мінез-құлқы мен тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуын анықтайды. Осыдан кейін қарым қатынас құралы бұзылады. ПДТ балалар қарым қатынас әрекеттері бойынша қалыпты дамып келе жатқан балалардан артта болады. Осы уақытқа дейін психикалық дамуы тежелген балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін көптеген ғалымдар зерттеді. Оның ішінде О.В. Алмазова, Д.И. Альраххаль, А.А. Байбородских, И.П. Бучкина, Ю.С. Галлямова, А.И. Гаурилюс, О.Н. Дианова, Е.Е. Дмитриева, Л.В. Кузнецова, А.В. Поповичев, Е.С. Слепович, Т.З. Стернина, Р.Д. Тригер, У.В. Ульяновская, С.Н. Чаплинская т.б. Алғаш рет жоғарыда аталған санаттағы балалардың сөйлеуін оның коммуникативті қызметі тұрғысынан талдауды В.Г. Петрова бастаған болатын. Ол психикалық дамуы тежелген балалардың бір бірімен аз сөйлесетінін атап өтті. Ойын жағдайында бір бірімен сөйлескен кезде олар сөйлесуді өте аз көлемде пайдаланды, пікірталастар мен әңгімелерді белгілі бір әрекеттерді орындауға түрткі болатын жеке сөздердің айтылуымен алмастырады. Кейбір жағдайларда мектеп оқушылары ауызша жауапты басты ізеумен немесе басқа да экспрессивті қимылды әрекеттерге ауыстырады. Психикалық дамуы тежелген балалардың қарым қатынас дағдыларын дамытуда қиындықтар бар. Коммуникативтік саланың жетілмегендігі қарым қатынас процесін қамтамасыз етпейді, сондықтан танымдық белсенділіктің дамуына үлес қоспайды [2].

Психикалық дамуы тежелген балалардың ауызша сөйлеу тілі өте баяу жүреді, оларда тұрақты фонетикалық құрылым дамымаған, сөйлеуінде зат есімдердің басым болуы, іс-әрекетті, белгілер мен қатынастарды білдіретін сөздердің жеткіліксіз қолданылуы, сөйлеу белсенділігінің төмендеуі, ауызша қарым-қатынастың кедейлігі тән. Психикалық дамуы тежелген балалардың коммуникативті дағдыларының ерекшеліктерін зерттеу үшін біз Г.М. Андрееваның жұмысына сүйене отырып өз бағдарламамызды құрастырдық: [1].

бірінші бағыт – қарым-қатынастың коммуникациялық жағын зерттеу («Тәрбиешілер мен мұғалімдерге арналған сауалнама») (В.Г. Маралов, В.А. Ситаров бойынша);

екінші бағыт – қарым-қатынастың перцептивті жағын зерттеу (жұмыс барысында балалар арасында қайшылықтардың жиі туындау себептерін және осы қақтығыстарды шешудің ең көп тараған тәсілдерін анықтау үшін педагогтарға арналған сауалнама);

үшінші бағыт – коммуникацияның интерактивті жағын зерттеу («Миттен» әдісі Г.А. Цукерман бойынша). Алынған нәтижелер зерттелетін топ балаларында коммуникативті дағдылардың толыққанды қарым-қатынас процесін қамтамасыз етпейтін дамудың төмен деңгейінде екенін атап өтуге мүмкіндік береді [3].

Психикалық дамуы кешеуілдеген балаларды қатарға қосу мақсатында жүргізілетін түзету жұмыстарының тиімділігі, тек мектеп мұғалімі мен психологына емес, тікелей ата-аналарға (әсіресе анаға) да байланысты. Өйткені ана бала үшін ең үлкен, ең жақсы психотерапевт болып табылады. Ата-аналармен бірлесіп өткізілетін топтық тренинг жұмыстарының нәтижесінде балалардың өзін-өзі бағалаулары көтеріледі, коммуникативтік дағдылары қалыптасып, мінез-құлқы мен оқу үлгерімдері жақсарды. Сонымен қатар, мұндай жұмыстар балалардың ата-аналарының әлеуметтік-психологиялық мәртебесін көтеруге, «ана-бала» жұбының қарым-қатынасын жақсартуға, жанұялық үйлесімділікті көтеруге үлкен септігін тигізеді [4].

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Андреева Г.М. *Социальная психология*. – М., 2006. – С. 67.
2. Васильева Е.Н. *Формирование эмоционального отношения к близким взрослым у старших дошкольников с задержкой психического развития в зависимости от характера отношений в семье / Шестилетние дети: проблемы и исследования: Межвуз. сб. науч. тр. Н. Новгород, 1993. – С.98 – 109.*
3. *Взаимодействие специалистов ДОУ компенсирующего вида / под ред. О.А. Денисовой. – М.: ТЦ Сфера, 2012. – С. 15-20.*
4. Власова Т.А., Певзнер М.С. *О детях с отклонениями в развитии*. – М., 1973. – С. 47- 60.